




**СҮЙІНШӘЛИЕВ
ХАНҒАЛИ
ЖҰМАШҰЛЫ**



Х. Сүмүшү

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**ПРОФЕССОР
СҮЙІНШӘЛИЕВ ХАНҒАЛИ
ЖҰМАШҰЛЫ**

Биобиблиографиялық көрсеткіш



Алматы
"Қазақ университеті"
1998

Жауапты редактор:
З.А.Мансұров

Құрастырушылар:
С.Ө.Кокыбасова, Э.Қ.Пертаева

Редактор:
доцент Р.С.Тұрысбек

Сүйіншәлиев Ханғали Жұмашұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш
/Құраст. С.Ө.Кокыбасова, Э.Қ.Пертаева. - Алматы: Қазақ универси-
теті, 1998. - 38 бет.

”Қазақ университеті” баспасы, 1998.

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш профессор Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиевке арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен қызметін сипаттайтын мәліметтері, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Әрбір жыл көлемінде материалдар мерзімдік тәртіппен орналасқан. Әуелі қазақша, одан кейін орыс тілдерінде басылып шыққан еңбектері алфавит тәртібімен орналастырылды.

Есім көрсеткіштеріне еніп отырған материалдар мен есім атауларының тұсындағы сілтемелер олардың мезгілдік көрсеткішінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

ПРОФЕССОР Х.Ж.СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев 1918 жылы 5 желтоқсанда Орал облысы, Тайпақ ауданының Теренсай ауылында туған.

1938-1943 жж. Орал педагогика институтының студенті.

1941-1942 жж. Ұлы Отан соғысының Батыс майданында Рокосовскийдің 16-шы армиясының майдангері.

1942-1951 жж. Орал педагогика институтында аға оқытушы, тіл және әдебиет кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды.

1945 ж. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Еңбектегі ерлігі үшін" медальдармен наградталды.

1951-1952 жж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты.

1952-1953 жж. Орал педагогика институтында аға оқытушы

1952 ж. "Абайдың қара сөздері" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1953 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы.

1958-1959 жж. ҚазМУ-дің аға оқытушысы.

1959-1970 жж. ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті.

1966 ж. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің жиырма жылдығы" медалімен наградталды.

1968 ж. "Халық ағарту ісінің озаты" атағы берілді.

1969 ж. "Москваны қорғағаны үшін" ССРО Қарулы Күштерінің 50 жылдығы медалдармен наградталды.

"Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Ерте дәуірден ХІХ ғ. аяғына дейін" деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1970 ж. Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды.

ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша профессор атағы берілді.

1975 ж. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің отыз жылдығы" медалімен наградталды.

1978 ж. "ССРО Қарулы Күштерінің 60 жылдығы" медалімен наградталды.

Орал қаласының құрметті азаматы атағы берілді.

1980 ж. ҚазССР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қайраткер атағы берілді.

1985 ж. "І дәрежелі Ұлы Отан соғысы" орденімен наградталды.

1985 ж. "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің қырық жылдығы" медалімен наградталды.

1986 ж. "Еңбек ардагері" медалімен наградталды.

1988 ж. "ССРО Қарулы Күштеріне 70 жыл" медалімен наградталды.

ХАНҒАЛИ ЖҰМАШҰЛЫ СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ҒЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Уақыт келіп, кетіп қана қоймай, әр кез, әр тұста қоғам мен адам өмірінің тың да жаңа беттерін ашып, қызықты оқиға, оң өзгерістер әкеліп жататыны бар. Міне, аз жылдардан соң сан алуан оқиғаларға толы болған ХХ ғасыр да қош айтысып келер дәуірге кезек бермек. Астанадағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушылары мен студент жастары осы ретте егемендігін алып, алғы күндерге нық басқан республикасымен бірге болашақ көкжиегіне үлкен үмітпен көз тігеді. Осы орайда олар өз қастарынан жиі табылып, ақыл-кеңесін аямайтын ұстаздарын ілтипатпен ерекше еске алады. Солардың бірі-филология ғылымдарының докторы, қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының профессоры, белгілі әдебиет зерттеушісі, сыншы Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев.

Иә, ол-қазір кемеліне келген тәжірибелі ұстаз. Дайымы көңілді жүріп, көп алдында өзін кішік те, қарапайым ұстайтын ақжарқын аға бүгін де университеттің күн нұры төгілген кең залындағы студенттеріне асығып барады екен. Осы бір қамқорлықтан туған қарбалас тірлік оның бойында 50 жыл бойы қалыптасып, өмірінің игі мұратына айналған дәстүр сияқты. Өйткені оның саналы бар өмірі жастарға білім беру, олардың бойына адамгершілік, ізгілік нұрын құюмен жарасым тауып жалғасып келеді.

Орал облысының Тайпақ ауданы, Базартөбе совхозына қарасты Тереңсай-патсалық, (Бұрынғы Қызылжар ауылсоветінде) 1918 жылы дүниеге келген Ханекеннің балалық шағы да туған жерінде өткен. Мектеп табалдырығын да сонда аттаған. 1937 жылы Орал қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумды тамамдаған ол облыс орталығындағы педагогикалық институтқа түседі.

Институт қабырғасында жүріп, бастауыш мектептерге сабақ берген Ханекен студент кезінен-ақ әдебиетке құштар еңбекке бейім, талантты

жас екендігін тез-ақ танытқан. Әдебиет үйірмесінің басы-қасынан қағылез жігіт Ханғали жиі табылатын. Қалам қайратымен көзге түскен жас жігіт бірде өзінің өлең, өңгімелерін оқыса енді бірде жас қаламгерлердің туындыларын талқылауға да қызу атсалысатын. Хан-екеннің сол жылдары жазған дүниелерінің өзінен-ақ болашақ әдебиетші талантын тануға болатын еді. Мұны қазіргі кемел зерттеушімен ертеректе бірге оқып, бірге өскен замандастары да айтады.

Бірақ алған білімімен сүйікті мамандығы бойынша ол бейбіт еңбекке бірден араласа алған жоқ. Соғыс басталып, ел басына күн туған кезде Ханекен алдыңғылардың бірі болып майданға аттанды.

Сөйтіп, Москва түбінде болған сұрапыл соғыстан бірақ шыққан ол алдыңғы шепте жаумен сан рет кездесті, талай дұшпанды жер жастандырды. Көп ұзамай Волоколамск түбінде болған өйгілі шайқаста қатты жараланып, соңыра елге қайтқан.

1942 жылдың қазан айында Ханғали Сүйіншәлиев сүйікті мамандығы-ұстаздық қызметке қайта кіріседі. Оралдағы педагогикалық институтқа аға оқытушы болып орналасқан ол біраз жыл кейін әдебиет кафедрасын да басқарған.

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға-

деп, ұлы Абай айтқандай ұстаздықпен қатар бірте-бірте ол халқының рухани мұрасы-әдебиет тарихын зерттеумен айналысады. Бара-бара ол оның маңызды да сүйікті ісіне айналған. "Өзгеге көңілі тойса да" өлеңді әсте қоя алмай кеткен кемеңгер сияқты ол да туған халқы әдебиетінің қойнауларына тереңірек үніледі. Сөйтіп, Ханекен 1952 жылы "Абайдың прозасы" деген тақырыпта диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты атағын алады. 1953 жылы ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына доцент болып ауысқан ол ғылыми – зерттеу жұмыстарына бұрынғыдан бетер қызу араласқан. Соның нәтижесінде данышпан ойшыл Ибраһим Құнанбаевтың ғалымдар назарынан тыс қалып келген еңбектерін сөз ететін "Абайдың қарасөздері" атты монографиялық еңбегі (1956) жарыққа шығады. Аталмыш монография оқушылар қолына тиген кезде ұлы Абай туралы салалы зерттеулер аз еді. Сонымен Ханекен алғашқы еңбектердің салмақтысын жазған және бірнеше кітаптар мен мақалалар жариялаған Абайтанытушы болды.

Иә, үнемі ізденіп, әдеби зерттеулер мен творчестволық толғаныс үстінде жүретін Ханекеннің қазақ әдебиеті тарихының беймағлұм беттерін ашып, талас тудырар жайларын анықтауға қосқан үлесі алабөтен. Оның қаламынан күні бүгінге дейін төрт жүзден астам мақалалар мен очерктер, эсселер мен өңгімелер, оқулықтар мен оқу құралдары, монографиялар туған "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері" (1967),

”Орта ғасыр әдебиеттері ” (1957), ”Ерлік күрес шежірелері ” (1976), ”Ізденіс іздері” (1975), ”Саңлақтар сарабы” (1978), ” Ұлы октябрь жөне қазақ әдебиеті” (1978), ”Қазақ әдебиеті (XVIII-XIX ғасырлар) ”(1961), (1981), ” Ақындар поэзиясы” (1982), ”Диуан лұғат ат-түрік”(1986), ”IX-XII ғ.әдебиеті” (1979), ”Халықтардың қазақ әдебиетіндегі интернационалдық достығы ” (1983), ”XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ”(1986-1992), ”Ғасырлар поэзиясы”(1987), ”VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті (1989)” ” Шөкәрім поэзиясы ” (1990) іспетті тағы басқа еңбектері іргелі де күрделі, өз алдына сөз студі қажет ететін дүниелер. Егер ”Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері ” атты зерттеуін сөз етер болсақ, ол қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді түбегейлі өзгертіп; өзіндік жаңа ғылыми бағыт сілтеген туынды еді. Қазақ әдебиетінің тарихы бұған дейін тек Бұхар жыраудың творчествосынан басталатын. XVIII ғасырдың әдебиеті түгелдей осы жырау творчествосымен ғана танытылатын. Ал, оған дейінгі VIII ғасырдан басталатын әдебиет тарихы жабулы жатты. Тіпті, XIX ғасырдың өзі де соншалық қысқа, 5-6 жазушының творчествосы (Махамбет, Ыбырай, Абай, Шоқан т.б.) идеясы жағынан талданып, әдебиеттің тек санаулы өкілдері ғана қысқаша баяндалып жүрді. Жоғарыда аталған Х.Сүйіншәлиев зерттеулері нәтижесінде соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері, XVIII ғасыр өз алдына жеке пән болып қалыптасты.

Ғалымның бір кездері (1950-1980) талас тудырған концепциясы қазір әдебиет тарихы ғылымындағы жаңалыққа баланып отыр.

Кейінгі кезеңдегі әдеби процестерге де Ханекен қосқан үлестер аз емес. Оның Жамбыл, Сәбит, Ғабиден, Мұхтар, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қасым, Әбу, Шөкәрім, Кенен т.б. туралы жазғандары өз алдына да жеке кітап боп шықты. Қазіргі әдебиетіміздің идеялық патриоттық проблемалары да өз алдына Ханекен зерттеулерінің объектісіне айналды.

”Абай жолы”эпопеясы аяқталысымен Х.Сүйіншәлиев алғашқылардың бірі болып, оның өлемдік мәнін танытуға кірісті.1956 жылы көлемді еңбек жазып,эпопеяның өлемдік мән-маңызын атап көрсетті.Кейін Әуезов творчествосын кең талдап, 1967 жылы оны бөлек кітап етіп шығарды.

Қазақ мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметін қазақ әдебиеті тарихы мен халық ауыз әдебиеті бойынша дәріс оқудан бастаған Ханекен кейінірек ”Абайтанудан” да арнаулы курс жүргізді. Университет студенттеріне ”Абайтанудан” арнайы курс оқу академик Мұхтар Әуезовтің бастамасымен қолға алынғаны белгілі. Мұхаң секілді кемеңгерден кейін ”Абайтанудан” арнаулы курс оқып, жақсы істі жалғастыра білген Ханғали Сүйіншәлиев екені көңіл көншітер жайт.

Университете Х.Сүйіншәлиев секілді ұлағатты ұстаздан тағлым алған әдебиетшілер қазір республикамызда аз емес. Олар Қазақстанның түкпір-түкпірінде абыроймен еңбек етіп, Ханекен секілді басқа да ұстаздар берген білім мен өнегені жас ұрпақ бойына дарытуда.

Ханекен қазақ әдебиетінің тарихынан дәріс бере жүріп, өз пәнінің ғылымдық бетін айқындап, тереңдете түсуге әрдайым баса назар аударады. Мысалы, қазақ әдебиетінің көне дәуірлері туралы лекция оқуды ол 1958 жылдан бастаған. Содан бері өзі жүргізіп келе жатқан әдебиет тарихы курсы тереңдетуде жетістікке жетіп жоғарыда айтылғандай әдебиетіміздің қалыптасу, өсу кезеңдерін қайта жүйелеп, жаңа беттерін ашқаны, көне дәуірді жеке пән, жеке ғылым дәрежесіне көтергені жұртшылыққа мәлім. Сөйтіп, ол қазақ әдебиетінің зерттелмеген тыңына түрен салды. Халқымыздың ежелгі дәуірдегі рухани өмірінің қазынасымен таныстырды. Әрине тарих түкпірінің тереңінде жатқан жазба жәдігерліктерді зерттеп, ұрпақ игілігіне жарату оңай шаруа емес. Сондықтан да біз Ханекен еңбектеріне халқымыздың әдебиеті мен мәдениетіндегі көркемсөз мұрасының терең тамырларын таныта білгендігі үшін құрметпен қол созамыз. Аталмыш көне дәуір әдебиетін зерттеу ісі қазір жаңа қарқынға ие болуда. Қазір зерттеушілердің жаңа тобы бой көрсетіп, олар аға бастамаларын ілгерлетіп жүр ...

”Біздің халқымыз ақындық дарыны өшпейтін өскелең әдебиетке бай, реалистік әдебиеті бар халық” -деп Шоқан Уәлиханов айтпақшы, профессор Х.Сүйіншәлиев қазақ әдебиеті тарихының VIII-IX ғасырлардан басталып, үздіксіз дамып келе жатқанын айқын дәлелдей алған, шынында да үздік ғалым. Ұстаз еңбектерінде, сондай-ақ, XV – XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен XIX ғасыр перзенттері Шөже, Базар, Кемпірбай, Орынбай, Жанақ, Сүйінбай, Шернияз, Майлы, Мәделі, Құлыншақ, Ақан, Біржан, Сара, Нұрым, Қашаған, Түбек, Бақтыбай, Құлан секілді оған дейін жете зерттелмеген ақындар шығармалары да әдемі талданып, көркемдік сырлары ашылған.

Әдебиет тарихын зерттеуде солшылдық басым болған кезде тарих сахнасынан шығып, кертартпалар аталған-Дулат, Шортанбай, Мұрат, Шөңгерей т.б. шығармашылығы қайта зерттеу объектісіне айналды. Ханекен олардың халықтық -реалистік бетін айқындап шықты. Оқушы қауымға әдебиетіміздің осы өкілдері жайлы мол мағлұмат беріп, жаңа ғылыми тұжырым жасады.

Дей тұрғанмен, біз XV ғасырға дейінгі көне әдебиет ескерткіштерін зерттеудегі ғалым қосқан үлестің орны бөлек екенін қайталап айтамыз. Ол ” Ертедегі әдебиет нұсқалары” (1967) атты жоғары оқу орындары студенттеріне арналған хрестоматияны құрастырушылардың да бірі. Ханекен сөйтіп көне түркі халықтарына ортақ әдебиет ескерткіштерін зерттеп, аударып оның қазақ мәдениеті тарихынан алатын орнын

айқындауда да елеулі еңбектер жазды. Махмұт әл-Қашқаридің ”Диуанының” әдеби беттерін қазақ оқырмандарына ұсынды. Иасауи мен Бақырғани шығармашылығына қалам тартты. Олардың көне қазақ әдебиеті тарихынан алатын орындарын анықтады. Иә, бұл салалардағы ғалым еңбегі де ұзақ толғаныстарға арқау боларлық мол дүниелер. Қорыта айтсақ, тәжірибелі педагог, зерттеуші ғалым үстіміздегі жылы ”Қазақ әдебиетінің тарихы” атты ерте дәуірден ХХ ғасырға дейінгі кезеңдерді қамтитын көлемді зерттеуін аяқтады. Екі кітаптан тұратын үлкен оқулық ұсынды. Біріншісі ”VIII- XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті” (1989), екіншісі-”XIX ғасыр әдебиеті”(1992) деген атпен жарық көрді. Жамбыл мен М.Әуезов мерей-тойлары тұсында кітапшалар шығарды. Соңғы көлемді еңбегі ”Қазақ әдебиетінің тарихы” (1997) көлемі 928 бет (тұрақты жаңа оқулық). Сөйтіп, Ханкеңнің сексенге келген шағында тағы бір биік белеске көтерілген жайы бар. Ол- қазір ”Республикаға еңбегі сіңген жоғары оқу орны қызметкері” озат лектор.

ПРОФЕССОР Х.Ж.СҮЙІНШӘЛИЕВТІҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Ақбаев Н. Сүйіншәлиев Х. Әуезовті зерттеуші //М.Әуезов энциклопедиясы.-Алматы,1998.-56-58 бет.
2. Әзиев Ә. Ғалым мерейі //Орталық Қазақстан.-1979.-3 қаңтар.
3. Әзиев Ә. Ғалым мерейі //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері/Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-34-36 бет.
4. Бәсібеков С. Жерлесіміз Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев ғылым доктор атағын алды //Ленин жолы.-1970.-10 қаңтар.
5. Бердібаев Р. Еңбеккер ғалым //Қазақ әдебиеті.-1978.-8 желтоқсан
6. Бердібаев Р. Еңбеккер ғалым //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж. : Библиогр. көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері / Құраст.Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-23-24 бет.
7. Бермаханов А.,Қалмырзин Т.Ағалар ізімен //Қазақ унив.-1969.-13 шілде.
8. Біздің ардагерлер :СүйіншәлиевХ.Ж. //ҚазМУ хабаршысы.Информ.сер.-Алматы,1994.-104-105 бет.
9. Дәдебаев Ж. Өсу жолында //Қазақстан мұғалімі.-1984.-27 шілде.
10. Дәдебаев Ж. Өсу жолында //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр. көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері. /Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-28-31 бет.

11. Дәдебаев Ж., Ергөбеков К. Ғалым-ұстаз мерейі //Қазақстан мұғалімі -1978.-13 қазан.
12. Дербісәлиев Ә. Ғибратты ғалым, өнегелі ұстаз //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр. көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері/Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-3-6 бет.
13. Дербісәлиев Ә.Ғалымнан ғибрат , ұстаздан өнеге // Жас алаш.-1993.-4 желтоқсан.
14. Дербісәлиев Ә. Ғалымнан ғибрат //ҚазМУ хабаршысы.Филолог.сер.-1994.-N 2.-35-39 бет.
15. Дербісәлиев Ә. Өнегелі ұстаз//Өркен.-1988.-24 желтоқсан.
16. Ергөбеков Қ. Ғалым-ұстаз мерейі //Қазақстан мұғалімі.1978.-13 қазан.
17. Ергөбеков Қ. Миуалы шақ //Орал өңірі.-1983.-15 қазан.
18. Ергөбеков Қ. Миуалы шақ //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері/Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-54-56 бет.
19. Еспенбетов А.,Сәбитов А. Ұлағатты ұстаз //Семей таңы.-1988.-31 желтоқсан.
20. Еспенбетов А., Сәбитов А. Ұлағатты ұстаз //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері /Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-50-52 бет.
21. Жолдасбеков М. Ғалым еңбегінің жемісі // Қазақстан мұғалімі.-1970.-15 қаңтар.
22. Кенжебаев Б. Ізденген ілгері басады //Профессор Сүйіншәлиев Ханғали Жұмашұлы.Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері /Құраст.Ә.Дербісәлиев.-Алматы, 1994.-22-23 бет.
23. Кенжебаев Б. Ізденген ілгері басады //Соц.Қазақстан.-1978.-23 желтоқсан.
24. Қыраубаева А. Ұстаздық еткен жалықпас//Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж. : Библиогр.көрсеткіш./Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-36-39 бет.
25. Мәдібаева Қ. Ғалым -ұстаз ғибраты //Өркен.-1994.-8 қаңтар
26. Мырзағалиев Қ.Ғалым-ұстаз алпыста //Орал өңірі.-1978.-3 қараша.
27. Негимов С. Ұстаздық пен ғалымдық келісімі : [филол.ғылымының д-р Х.Сүйіншәлиевтің 70 жасқа толуына] //Қазақстан мұғалімі.-1988.-16 желтоқсан.

28. Ниязбеков Р. Кемел кезең //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері /Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-52-54 бет.
29. Ордалиев С. Сәтті бастау //Соц.Қазақстан.-1957.-23 қаңтар.
30. Профессор Х.Ж.Сүйіншәлиев: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері./Құраст. Ә.Дербісәлиев.- Алматы,1994.-56 бет.
31. Ниязбеков Р. Кемел кезең : Әдебиетші -ғалым Х.Сүйіншәлиевтің 60 жасқа толуына //Білім және еңбек.-1978.-N 11.-24-25 бет.
32. Сарғожин Р. Оралдық ғалым //Орал өңірі.-1970.-1 қаңтар.
33. Сейдеханов К. Зерттеуден оқулыққа //Профессор СүйіншәлиевХ.Ж. : Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері /Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-39-48 бет.
34. Сейдеханов К.Жалғастық жарасымы//Жұлдыз.-1979.-N 2.-18-22 бет.
35. Серғалиев М. Белестер //Лениншіл жас.-1978.-14 желтоқсан
36. Серғалиев М. Белестер //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр. көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері /Құраст.Ә.Дербісәлиев -Алматы,1994.-25-28 бет.
37. Серғалиев М. Көп жылғы зерттеу жұмысы //Қазақ әдебиеті.- 1969.-27 желтоқсан.
38. Сүйіншәлиев Х.Ж. //Қазақ Совет Энциклопедиясы.- Алматы,1977 Т.10.-469 бет.
39. Сүйіншәлиев Х.Ж.//Қазақ ССР.4 томдық қысқаша энциклопедия.-Алматы,1989. Т.4.-132,-280,-383 бет.
40. Сүйіншәлиев Х.Ж. // Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер.- Алматы,1991.-102-104 бет.
41. Тұрысбек. Р. Әдебиет тарихы-халық зердесі //Қазақ әдебиеті.- 1998.-18 қыркүйек.
42. Тұрысбек Р Зерек ой, зерделі зерттеу // Еңбек туы.-1990.-5 мамыр.
43. Тілепов Ж.,Луқпанов Х. Ғылымның қия шыңымен //Қазақ унив.-1969.-17 шілде.
44. Тілепов Ж. Ізденіс іздері //Жетісу.-1976.-12 қазан.
45. Тілепов Ж. Тыңғылықты зерттеу //Профессор Сүйіншәлиев Х.Ж.: Библиогр.көрсеткіш және ғалым туралы әріптестерінің пікірлері/Құраст. Ә.Дербісәлиев.-Алматы,1994.-31-34 бет.
46. Ұстаз, ғалым: Қазақ мем.ун-тінің профессоры Х.Сүйіншәлиевтің 60 жасқа толуына //Қазақстан әйелдері. 1978.-N 10.-22 бет.

47. Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев : Библиогр.көрсеткіш /Құраст. А.Тәшімбаева.: Ред.З.Қари.-Алматы : ҚазМУ,1994.-23 бет.- (Ғалым, ұстаз)
48. Ысқақов Д. Әдеби мұра жанашыры: Х.Сүйіншәлиев //Жетісу. 1989.-2 наурыз
49. Алексеева Г. Ученый критик, педагог // Ленинская смена.-1979. 16 янв.
50. Железнов В. Счастливая судьба // Казахст.правда.-1979.-21 янв.
51. Издибаев Т.Есть среди нас хороший человек //Экспресс К.-1994.-14 янв.
52. Кафедра казахской литературы // Казахский гос. национальный ун-т. им.аль-Фараби.-Алматы, 1994.-С.205.Мирошникова Е. Войн, педагог, ученый.//Веч. Алматы.-1978.-29 дек.
53. Рустемов Л. С любовью к людям //Учитель Казахстана.-1969.-14 мая.
54. Суюншалиев Х.Ж. // Биобиблиография обществоведов Казахстана.-Алма-Ата,1986. –С.403-404.
55. Филологический факультет //Казахский государственный университет им.С.М.Кирова.-Алма-Ата,1984.-С.171-172.
56. Шарипов У. Поиск ученого // Қазақ унив.-1970.-13 апр.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1946

1. Жамбыл шығармаларындағы халықтар достығы // Екпінді құрылыс.-1946.-6 шілде.
2. Сәбит Мұқановтың өмірі мен жазушылық қызметі //Екпінді құрылыс.-1946.-21 ақпан.
3. Пенни акына о великой Отечественной войне //Приуральская правда.-1946.-5 июля

1948

4. Советтік дәуірдің халық жыршысы // Екпінді құрылыс.-1948.-18 желтоқсан.
5. Великий певец эпохи // Приуральская правда.-1948.-22 июня.

1949

6. Әдебиетімізде жат, сыңаржақ идеяға орын жоқ //Екпінді құрылыс.-1949.-15 көкек.
7. Большевик жазушы // Екпінді құрылыс.-1949.-28 қыркүйек.
8. Миллионер колхоз өмірінің айнасы //Екпінді құрылыс.-1949.-21 тамыз.-Кітапқа сын:Ф.Мұстафин.Миллионер.Повесть.//Әдебиет және искусство.-1948.-N 2-5.-76-84 бет.
9. Орыс әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы //Екпінді құрылыс.-1949.-15 наурыз.
10. Патриот ақын [Пушкин туралы] // Екпінді құрылыс.-1949.-5 маусым.
11. Пушкиннің Оралда болуы //Екпінді құрылыс.-1949.-5 маусым
12. Ыбырай Алтынсарин //Екпінді құрылыс.-1949.-17 шілде.
13. Великий педагог и просветитель казахского народа //Приуральская правда.-1949.-15 июля
14. Голос эпохи в творчестве казахского народа //Приуральская правда.-1949.-22 дек.

1950

15. Әдебиетіміздің қайраткері [С.Мұқановтың 50 ж.] //Екпінді құрылыс.-1950.-23 мамыр.
16. Дарын иесі : [Махамбеттің күйлері туралы] //Қазақ әдебиеті.-1950.-12 ақпан.
17. Маяковский-жалынды патриот //Екпінді құрылыс.-1950.-14 көкек.
18. Совет әдебиетінің атасы : [Горький туралы] // Екпінді құрылыс.-1950.-28 маусым.

1951

19. Белинский В.Г.//Екпінді құрылыс.-1951.-17 маусым
20. Қазақ әдебиетінде Горький дәстүрі // Екпінді құрылыс.-1951.-17 маусым.
21. Қазақ поэзиясындағы ұлы бейне // Екпінді құрылыс.-1951.-20 қаңтар.
22. [Сын] //Екпінді құрылыс.-1951.-14 наурыз.-Кітапқа сын: Ф.Мүсірепов.Қазақ солдаты.Роман.-Алматы,1950.-263 бет.

1952

23. Абай спектаклі // Екпінді құрылыс.-1952.-16 шілде.
24. Абайдың қарасөздері : Филолог. ғылым. канд.атағын алу үшін жазылған дис.-Алматы,1952.-247 бет.
25. Заманымыздың алып ақыны: [Ж.Жабаев туралы] // Екпінді құрылыс.-1952.-22 маусым.
26. Поэзия алыбы // Қазақстан пионері.-1952.-24 маусым.
27. Революционер-демократ жазушы А.Н.Радищев.-Алматы,1952.-16 бет.
28. Совет заманының кемеңгер ақыны // Соц.Қазақстан.-1952.-22 маусым.

1953

29. Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік, мінез-құлық мәселелері // Әдебиет және искусство.-1953.-N 11.-88-94 бет.
30. Ұлы сыншы В.Г.Белинский // Екпінді құрылыс.-1953.-7 маусым.

1954

31. Абай-қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы.-Алматы,1954.-43 бет.
32. Абай қарасөздеріндегі оқу, өнер-білім, тәлім-тәрбие мәселелері //Халық мұғалімі.-1954.-N 8.-18-19 бет.
33. Абайдың дүниеге көзқарасы туралы // Лениншіл жас.-1954.-19 мамыр.
34. Абайдың жарияланбаған қара сөзі мен өлеңдерінен // Әдебиет және искусство.-1954.-N 12.-97-99 бет. / А.Жиреншинмен бірге
35. Абайдың философиялық ойлары // Екпінді құрылыс.-1954.-21 маусым.
36. "Алыстағы ауылда" повесі туралы // Лениншіл жас.-1954.-21 маусым.
37. Қазақ әдебиеті тарихының программасы : Ежелгі дәуір және XVIII-XIX ғ.ғ.-Алматы,1954.-52 бет.
38. Орыстың классикалық әдебиеті және Абай // Әдебиет және искусство.-1954.-N 7.-112-121 бет.
39. [Сын] //Коммунизм таңы.-1954.-9көкек.-Кітапқа сын: Б.Соқпақбаев. Алыстағы ауылда.-Алматы,1953.-253 бет.

40. Терез ойдың толғауы // Соц.Қазақстан.-1954.-5 қыркүйек.
41. Франсуа Вольтер // Коммунизм таңы.-1954.-21 қараша.
42. Абай и русская литература // За отличную учебу.-1954.-22 сент.
43. Абай Кунанбаев и русская классическая литература.-Алма-Ата,1954.-40 с.
44. Влияние передовой русской литературы на творчество А.Кунанбаева // Приуральский правда.-1954.-18 февр.
45. Влияние русского реализма на творчество Абая // Алма-Атинская правда.-1954.-5 сент.
46. Влияние русской литературы на творчество Абая // Правда южного Казахстана.-1954.-6 июля.
47. Заметки о прозе Абая // Советский Казахстан.-1954.-N 6.-С.93.

1955

48. Абай прозасының түр стилі, тіл ерекшеліктері // Учен.записки Казахского гос.ун-та.-1955.-Т.19.-С.105-123.
49. Ақын айтыстары // Лениншіл жас.-1955.-22 маусым.
50. Жамбыл Жабаев-қазақ халқының ұлы ақыны.-Алматы,1955.-41 бет.
51. Жастардың ақылшысы: [Абай туралы] // Лениншіл жас.-1955.-20 қазан.
52. Кедергі неде: [Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері жайында] // Қазақ әдебиеті.-1955.-8 көкек.
53. Қазақ совет әдебиетінің оқулығы туралы // Қазақстан мұғалімі.-1955.-20 қазан.
54. Советтік аса көрнекті жазушы // Әдебиет және искусство.-1955.-N 2.-124-128 бет.
55. Толстой А.-көрнекті совет жазушысы.-Алматы,1955.-27 бет.
56. Абай-выразитель переводах идей русской культуры //Ученые записки КазГУ.Сер. язык и литература.-1955.-Т.ХІХ.-С.23-25.
57. Переводы произведений Абая на русский язык // Казахстанская правда.-1955.-7 июля.
58. Чернышевский Н.Г. // Коммунизм таңы.-1955.-24 шілде:

1956

59. Абай туралы романдардың соңғы кітабы // Соц.Қазақстан.-1956.-12 тамыз.
60. Абайдың дүниеге көзқарасы туралы кітап // Қазақстан коммунисті.-1956.-N 3.-61-64 бет.
61. Абайдың қарасөздері.-Алматы, 1956.-152 бет.

62. Алып күштің ақыны // Соц.Қазақстан.-1956.-21 қазан.
63. Дарынды ақын творчествосын зерттей түссілік [Сұлтанмахмұттың творчествосын зерттеу жайында]// Лениншіл жас.-1956.-20 көкек.
64. Қазақ өдебиеті тарихының программасы : Ежелгі дәуір және XVIII-XIX ғғ.-Алматы,1956.-52 бет.
65. Қазақ өдебиетіндегі халықтар достығы идеясы.-Алматы,1956.-50 бет.
66. [Сын] // Қазақстан коммунисті.-1956.-N 9.-61-64 бет.-Кітапқа сын: Қ.Бейсембиев. Абай Құнанбаевтың дүниеге көзқарасы.- Алматы,1956.
67. Книга о мировоззрении Абая. // Коммунист Казахстана.-1956.- N 9.-С.61-64.-Рец.на кн. : К.Бейсембиев.Мировоззрение Абая Кунанбаева.-Алма-Ата,1956.
68. Нужно, полезное дело // Казахст.правда.-1956-19 дек. [Рецензия.]: // Изв.АНКазССР.Сер.филолог.и искусствовед.-Алма-Ата,-1955.-1956.-Вып.3.-С.70-79.
69. Об учебнике казахской литературы // Учитель Казахстана.- 1956.-15 ноября

1957

70. Алтынсарин Ыбырай туралы еңбек // Қазақ өдебиеті.-1957 -20 қыркүйек.-Кітапқа сын: Ә.Дербісалин.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы.-Алматы,1957
71. Достық байланысының төркіні // Соц.Қазақстан.-1957 -26 қазан./Е.Ысмайылов бірге.-Рец на кн.: М.Фетисов.Литературные связи России Казахстана в 30-50-е годы XIX века.-М,1956.
72. Көрнекті ғалым және ақын : [Х.Жұмалиев туралы]// Коммунизм таңы.-1957.-28 желтоқсан.
73. Қазақ өдебиеті тарихының программасы.Ежелгі дәуір және XVIII-XIX ғғ.-Алматы,1957.-52 бет.
74. Қазақ өдебиеттану ғылымы туралы // Коммунизм таңы.-1957.-1 желтоқсан.
75. Махамбет мұраларын зерттеу мәселесі // Коммунизм таңы.- 1957 -22 мамыр.
76. XIX ғасырдағы қазақ өдебиеті: [Педагог. ин-дың сырттан оқитын оқушылары үшін көмекші құрал].-Алматы,1957.-92 бет./Б.Сахариевпен ,Ә.Дербісалинмен бірге.

77. Пайдалы жинақ //Қазақстан мұғалімі.-1957 -3 қазан.-Кітапқа сын: Қазақ совет әдебиетінің мәселелері.-Алматы.1957.
78. Халық ақындары туралы елеулі еңбек //Соц.Қазақстан.-1957.-3 ақпан.-Кітапқа сын: Е.Ысмайлов.Ақындар.-Алматы,1956.
79. История казахской литературы XVIII-XIX вв.: Программа.-Алма-Ата,1957.-27 с.
80. Казахское устное народное творчество.-Алма-Ата,1957.-113 с.
81. О прозе Абая //Сборник статей о казахской литературе.-Алма-Ата.1957.-55с.
82. Полезный сборник //Учитель Казахстана.-1957.-3 окт.- [Рецензия] // Вопросы казахской советской литературы.-Алма-Ата,-1957. Т.1.-С.172.

1958

84. Абайдың еңбек туралы ойлары // Ученые записки Каз ГУ Сер.язык и лит.-1958.-Т.XXXIV.-Вып.3.-27-30 бет.
83. Әдет-салт өлеңдер // Қазақ ауыз әдебиеті.-Алматы, 1958.-14-30 бет.
84. Жазушының табысы // Октябрь туы.-1958.-8 наурыз.-Кітапқа сын: Т.Нұртазин.Мұрат.Повесть.-Алматы,1958.
85. Қазақ әдебиетінің зерттеу жолы // Жұлдыз.-1958.-N 5.-103-105 бет.
86. С.Торайғыровтың шығармалары // Коммунизм таңы.-1958.-20 шілде.
87. Сәт сапары // Коммунизм таңы.-1958.-20 наурыз.-Кітапқа сын: Т.Нұртазин.Мұрат.Повесть.-Алматы,1958.
88. [Сын]// Коммунизм таңы.-1958.-25 қаңтар.-Кітапқа сын: С.Дөнентаев.Шығармалар.-Алматы, 1957.-463 бет.
89. Халықтар достығының жалынды жыршысы: [Ж.Жабаев туралы]// Соц.Қазақстан.-1958.-18 шілде.
90. Абай Құнанбаев //Выдающиеся казахские писатели.-Алма-Ата,1958.-24 с.
91. В поисках верных решений //Известия.-1958.-12 дек.
92. Габиден Мустафин.-Алма-Ата,1958.-25 с./Соавт.И.Габдиров.
93. Габиден Мустафин //Выдающиеся казахские писатели.-Алма-Ата,1958.-25 с./Соавт. И.Габдиров.

94. Джамбул Джабаев // Выдающиеся казахские писатели.-Алма-Ата,1958.-24 с.
95. К вершинам мастерства // Алма-Атинская правда. 1958.-12 дек
96. Новый труд по истории казахской литературы// Советский Казахстан.-1958.-№ 8.-С.145-148.-Рец.на кн.: Очерк истории казахской советской литературы.-Алма-Ата,1958.
97. Сабит Муканов // Выдающиеся казахские писатели.-Алма-Ата,1958.-26 с./Соавт.Т.Нуртазин.
98. Серьезная заявка // Казахст.правда.-1958.-18 авг.
99. Султан-Махмуд Торайгыров // Выдающиеся казахские писатели.-Алма-Ата.1958.-28 с./ Соавт.Б.Кенжебаев.

1959

100. Әдебиетіміздің дәуірлік туындысы:[М.Әуезовтің "Абай" романы туралы] // Қазақ тілі мен әдебиеті.-1959.-Шығ.6.-35-36 бет.
101. Дулат ақын // Жұлдыз.-1959.-№ 5.-98-101 бет.
102. Дулат ақын // ҚазССР.Ғылым Академ.хабарлары.Филол.және искусство зерттеу сер.-1959.-№ 3. қазан.-85-104 бет.
103. Корнекті еңбек // Соц.Қазақстан.-1959.-29 қаңтар.-Кітапқасын: Б.Кенжебаев.Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары.-Алматы,1958.
104. Кіріспе мақала //Дастандар.-Алма-Ата,1960.-324 бет.
105. Қазақ өдебиеті тарихының программасы: Ежелгі дәуір және XVIII -XIX ғғ.-Алматы,1960.-52 бет.
106. [Рецензия] //Казахст.правда.-1959.-4 апр.-Рец.на кн.: Х.Есенжанов.Яик-светлая река.Роман.-Алма-Ата,1958.
107. Выдающийся писатель-просветитель: [К 70 летию Ы.Алтынсарина] //Алма-Атинская правда.-1959.-29 июня.
108. Значительный труд о казахской советской литературе // Алма-Атинская правда.-1959.-23 май.
109. Певец труда: [О Г.Мустафине] //Алма-Атинская.-1959.-20 февр.

1960

110. Ақын талантын танытқан дастан : [Тоғызбақовтың дастаны] // Коммунизм таңы.-1960.-3 қараша.

111. Әдебиетіміздің ойлы зерттеуі, жаңа биігі // Лениншіл жас.-1960.-3 февр.-Кітапқа сын: М.Әуезов.Әр жылдар ойлары.-Алматы,1959.
112. Ғылыми мәні зор еңбек // Қазақ әдебиеті.-1960.-2 желтоқсан.-Кітапқа сын: Қазақ халқының ауыз әдебиеті.-Алматы,1960.
113. Дарын иесі: [О.Сүйінбекұлы туралы] // Қазақ әдебиеті.-1960.-12 ақпан.
114. Жемісті жолда // Соц.Қазақстан.-1960.-30қантар.-Кітапқа сын.: Ә.Жиреншин.Абая және орыстың ұлы революцияшыл демократтары.-Алматы,1959.
115. Көркем сөздің шебері : [С.Мұқанов туралы] // Қазақстан мектебі.-1960.-N 10.-63-65 бет.
116. Қазақ поэмаларының өсу жолы // Дастандар.-Алматы,1960.-3-19 бет.
117. Шындық пен шеберлік // Октябрь туы.-1960.-5 тамыз.
118. Ысмайловтың сын мақалалары // Соц.Қазақстан.-1960.-2 қазан.-Кітапқа сын: Е.Ысмайлов.Сын мен шығарма.-Алматы,1960.
119. Большое событие литературной жизни //Учитель Казахстана.-1961.-2 марта.-Рец.на кн.: Очерк истории казахской советской литературы.-М.: 1960.
120. Всегда в строю // Алматинская правда.-1960.-13 нояб.
121. Долгих лет вам жизни : [О.Муканове] // Учитель Казахстана.-1960.-17 нояб.
122. Литература возрожденного народа : [О расцвете казахской литературы] // Приуральская правда.-1960.-3 авг.
123. Новая книга об Абае // Простор.-1960.-N 12.-С.145.

1961

124. Дулат ақын мұрасынан // Әдеби мұра және оны зерттеу.-Алматы,1961.-194-196 бет.
125. XVIII- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті : Оқу құралы.-Алматы,1961.-156 бет.
126. Профессор Е.Исмайылов 50 жаста // Қазақстан мұғалімі.-1961.-21 желтоқсан.
127. Революционер – большевиктердің әдеби бейнесі : [Амангелді, Тоқаш Бокин т.б. көркем әдебиетте] //Қазақстан коммунисті.-1961.-N 3.-101-104 бет.

128. Большое событие литературной жизни // Учитель Казахстана.-
1961.-2 марта.
129. Хорошая популяризация //Простор.-1961.-N 5.-С.139.

1962

130. Асыл қазына//Соц.Қазақстан.-1962.-28 қаңтар.
131. Көркем сөздің шебері :[М.Әуезовтің жазушылық шеберлігі туралы]
//Көкшетау правдасы.-1962.-29 маусым.
132. Қазақ әдебиетінің ерте кезеңі туралы.//Қазақ және орыс филолог.
конф. материалдары.-Алматы,1962.-117 бет.
